

2020-2021 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 193 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 тамызда № 6342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) бұйрығын басшылыққа ала отырып Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020 – 2021 оқу жылында жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.А.Мыңбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Р.Егізбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 14 тамыздағы
№ 193 қаулысымен бекітілген

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020 – 2021 оқу жылында жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі

| | | | | |
|-------------------|-------------------------|---------------------------|--|--|
| Даярлау бағытының | Білім беру бағдарламасы | Білім беру бағдарламалары | | |
|-------------------|-------------------------|---------------------------|--|--|

| № | коды және атауы | тобының коды | топтарының атауы | Саны | Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырылатын жоғары оқу орындары |
|---|---|--------------|--|------|---|
| 6B01 Педагогикалық ғылымдар | | | | | |
| 1 | 6 B 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау | B009 | Математика мұғалімдерін даярлау | 5 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын |
| 2 | 6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау | B017 | Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті | 6 | |
| 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар | | | | | |
| 3 | 6 B 0 2 2 гуманитарлық ғылымдар | B033 | Дінтану және теология | 4 | "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті |
| 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) | | | | | |
| 4 | 6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау | B086 | Жалпы медицина | 60 | "Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| 5 | 6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау | B089 | Қоғамдық денсаулық сақтау | 25 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК